

УДК 378:37.015.3

БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГТЫҢ ГНОСТИКАЛЫҚ ІСКЕРЛІГІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ МЕДИАБІЛІМНІҢ РӨЛІ

Тавасаров Мақұлбек Амангелдіұлы

mako85_85@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, PhD докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – П.Б. Сейтказы

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытының мазмұнында «Отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз. Біздің мақсатымыз – жаһандық технологиялық төңкерістің бөлшегіне айналу деп атап көрсеткен [1]. Яғни дамудың өзіндік ерекшелігі жетекші елдердің инновациялық қоғамының қалыптасудың жаңа кезеңіне ауысуы-білімдерді іздестіру, тарату және пайдалануға айрықша негізделгені байқалады. Демек, қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістер ақпарат көлемі мен мәнінің өсуімен сипатталады. Білім беру үдерісінде интернет компьютерлік желісі негізінде ақпараттық технологиялардың кең таралуының арқасында қол жетімді медиа ресурстар көлемі күрт өсті. Бұл фактор гностикалық іскерліктерді қалыптастыру проблемасының өзектілігіне себепші болды. Осылайша, болашақ әлеуметтік педагогтың гностикалық іскерлігі-бұл жаңа білімге қол жеткізе білу, оларды педагогикалық мақсаттарға сәйкес жүйелеу, қажетті сәтте жинақтау және талдай білу, мазмұнын, объектісін, үдерісі мен қызмет нәтижелерін, сондай-ақ артықшылықтары мен кемшіліктерін талдай білуі аса маңызды.

Педагогикалық үдерістерді түсінетін жаңа тұжырымдамалық ойлау жүйесі бар әлеуметтік-педагогтарды дайындау қажеттілігі туындап отыр. Әлеуметтік-педагогтың кәсіби қызметінің нақты және перспективалық саласы өте кең және алуан түрлі. Ол әлеуметтік-педагогикалық қызметтің ерекше түрлерін қамтиды және бағытталған объектіге тәуелді. Әлеуметтік тәрбиенің мақсаты, жалпы тәрбиемен салыстырғанда, ең алдымен, жеке тұлғаны табысты әлеуметтендіруге, жеке мүмкіндіктерді барынша толық іске асыру үшін қажетті. Әлеуметтік тәрбие мақсатты үдеріс ретінде сипатталады, қоғамдық маңызы бар құндылықтарды, көзқарастарды, ұғымдарды игеру бойынша, әлеуметтік маңызды

қасиеттерді дамыту М. А. Галагузова, Л. В. Мардахаев, А. В. Мудрик және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған[2].

Педагогика саласындағы зерттеушілер негізінен дайындықты дағдыларды дамытуға, білім беруге және белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет ретінде анықтайды. Энциклопедиялық сөздікте педагогтың дайындығы [3]. адамның дене, физиологиялық және психологиялық сапаларының белгілі бір деңгейде қалыптасуымен, дербес еңбек әрекетіне көшетін және белгілі іскерлік жұмыстың табысты орындалуын қамтамасыз ететін, теориялық білімдер мен практикалық іскерліктерді қарастырады. Дайындық жұмысқа деген ұмтылыс, еңбектің рөлін түсіну және жұмысқа деген саналы қарым-қатынас тиісті іскерлік тапсырмаларын орындау қабілеті ретінде көрінеді. Біздің ойымызша, ол біріктіретін күрделі психологиялық-педагогикалық құбылыс ретінде қарастырылады, сапасын қарайды және «кәсіби даярлығы» ұғымының мағыналы анықтамасы болып табылады. Тұлғаның өзара байланысты психологиялық мінездемесі мен моральдық қасиеттері, мамандықты таңдауға арналған әлеуметтік және құнды себептері, мінез-құлық режимі, кәсіби білімі, дағдылары, маманды таңдаған мамандығында жұмыс істеуге мүмкіндік береді[4]. Ресей ғалымдарының ішінен, Э.Ф.Зеера, И.А.Зимней, В.В. Краевский, И.Л. Лернер, А.К.Маркова, Г.К. Селевко, В.А. Слостенина, А.М.Новикова, Т.Е. Исаева, А.В. Хуторской, Г.П. Щедровицкий «кәсіби құзыреттілік» түсінігін қарастырған[5].

Отандық ғалымдардың ғылыми еңбектерін талдай отыра, болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындаудың мәселелерін және кәсіби құзыреттілік мәселелерімен біршама ғалым-зерттеушілер (Е.Ш. Қозыбаев, Н.К. Ахметов, Б. Кенжебеков, А.С. Бейсен, Ш.Т. Таубаева) жұмыс жасады. Педагогика және психология саласындағы зерттеушілер кәсіби қызметке даярлықтың келесі қызметтерін белгілейді: -гностикалық; –студенттерге сапалы білім беруді қамтамасыз ететін қызмет; -интегративтік; –мақсат пен іс-әрекет арасындағы процессуалдық бірлікті белгілеумен байланысты қызмет; -болжамдылық; –қызметтің нәтижесін көрсететін функция; -құндылыққа бағдарланған –кәсіби қызметтің маңыздылығын түйсінумен байланысты қызмет [6].

Осы орайда болашақ әлеуметтік-педагогтарды дайындау барысында медиабілімін қалыптастыруда ақпараттық дүниетанымы, яғни адамның ақпарат әлеміне деген көзқарасы маңызды орын алады. Ақпараттық дүниетаным студенттердің ақпараттық дайындығының деңгейін анықтайтын іс-әрекет мотивациясымен тығыз байланысты. Медиабілім саласындағы Лен Мастерман, ресейлік Ю.Н.Усов, А.В.Шариков, А.В.Федоров, А.В.Спичкин [7]; сондай-ақ, отандық К.Бұзаубақова, П.Б.Сейітқазы, А.А.Тіленбаева, С.Абдукадинова, Ә.О.Оразова, Н.М.Наренов, С.Н.Имашев, Б.М.Жапарова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде ақпараттық қоғамның негізгі ерекшеліктері, тұлғаның медиабілімін қалыптастыру қажеттілігі, мәні мен маңызы, ақпараттық құзіреттілік ұғымының мағынасы, зерттелу жайы, медиабілім негізінде ақпараттық құзіреттілікті қалыптастыру жолдары, медиаәтін, оның негізгі құрылымы және т.б тақырыптар қамтылған[8]. Демек, болашақ маман жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үрдісінде бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жан-жақты дайындалуы тиіс. Жоғары оқу орны жағдайында студенттерге медиабілім беру арқылы гностикалық іскерліктерін жетілдіру олардың бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарын өз қажетіне тиімді пайдалана алуына кепіл болады. Студенттердің гностикалық іскерлігін жетілдіру арнайы курстар және әртүрлі аудиториядан тыс шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асыру тиімді нәтиже береді.

Педагогика мен психологияда танымдық іс-әрекетпен байланысты ойлау қабілеті мен іскерлігін жіктеуге әртүрлі көзқарастар бар. Педагогика саласындағы зерттеулерді Н. В. Кузьмина, Г. И. Михалевская, Т. И. Руднева, В. А. Слостенин, Г. С. Трофимова, Н. В. Харитоновна және т.б. жүргізді [9].

Педагогикалық іскерліктің келесі түрлері бар: гностикалық, жобалаушы, конструктивтік, коммуникативтік және ұйымдастырушылық. Т. И. Руднева танымдық іс-әрекетке байланысты педагогикалық іскерлікті талдай отырып, кәсіби мәдениет ұғымын

енгізеді және педагогикалық және ғылыми-зерттеу мәдениетінен тұратын құрылымын қарастырады. Педагогикалық мәдениет интеллектуалдық, когнитивті, эмоциялық, практикалық элементтерді қамтиды. Жобалау, конструктивтік және гностикалық іскерліктің қалыптасу деңгейі тұлғаның зияткерлік қасиеттеріне байланысты деп атап көрсетеді. Н. В. Харитоновна педагогикалық іскерліктің бес компонентті моделін ұстана отырып (жобалау, конструктивтік, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, гностикалық), әр іскерлікке сәйкес келетін педагогтың еңбек элементтерін және тиісті құзыреттілікті ерекшелейді деген. Гностикалық іскерлікке аналитикалық құзыреттілікке және болашақ педагогтың еңбек элементі ретінде қол жеткізілген нәтижені талдау, өз қызметін түзетуді қоса алғанда, мақсаттар мен міндеттерге арақатынасына сәйкес келеді деп тұжырымдайды [9].

Осы саладағы зерттеулерден оқыту мақсаттарының жіктелуі мен Б. Блумның (1986) танымдық іскерліктеріне сәйкес келуі ең танымал болды. Бенджамин Блум оқыту үдерісінің мақсаттарының жіктелуін жасап, оқу қызметінің үш саласын атап өтті: когнитивті аймақ, эмоциялық аймақ және психомоторлық аймақ. Білім беру үдерісінің тиімділігін бағалау критерийлерін қалыптастыру факторларын қарастыра отырып, іскерлік, шығармашылық, өзін-өзі реттеу сияқты зияткерлік критерийлерін бөліп көрсетеді[9]

Педагогикалық қызметтің функционалдық құрылымы тұрғысынан білім алу, оларды жүйелеу және қажеттілігіне қарай қолдану - бұл гностикалық іскерлік. Әр түрлі зерттеушілер бір іскерлікті белгілеу үшін әртүрлі терминдерді қолданады-гностикалық (Н. В. Кузьмин, К. И. Саломатов) немесе когнитивті (Г. А. Китайгородская, Е. И. Пасов). Баламалы ағылшын термині-cognitive skills. Барлық зерттеушілер гностикалық (танымдық, когнитивтік) іскерліктер болашақ педагогтың іскерлігі деп болжайды.

Гностикалық іскерлікті жетілдіру мәселелері ғылыми-педагогикалық зерттеулерде (В. И. Гинецинский, В. К. Елманова, Н. В. Кузьмина және т.б.) еңбектерінде қарастырылады. Гностикалық іскерліктер педагогикалық қызметтің құрылымын құрайтын басқа білімдерге қатысты болып табылады. Гностикалық іскерлік (Б. Г. Уилсон, П. Коул, Л. В. Резник, Дж. Хуот, және т.б.) олардың мазмұны мен құрылымы талданады, сонымен қатар оқыту мәселелері қарастырылады. Бұл тұжырымдар өзекті, яғни үдерісінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін дидактикалық жағдайлардың айқын тұжырымдалуы жоқ, медиабілім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтың гностикалық іскерліктерін жетілдіру моделі әзірленбеген. Медиабілім жағдайында гностикалық іскерліктерді жетілдіру өзекті мәселе болып табылады. *Гностикалық іскерліктер деп ақпаратты іздеу, алу және өңдеу, талдау және синтездеу, қазіргі болмыстың құбылыстарын сын тұрғысынан ойлаумен байланысты деп түсінеміз.* Демек, педагогикалық қызметін тиімді ұйымдастыра алатын және оның нәтижелерін бағалай алатын болашақ әлеуметтік-педагогтарды дайындау басты мәселе болып табылады. Педагогикалық қызмет-адам еңбегінің күрделі салаларының бірі-динамикалық жүйе болып табылады, оның құрамына белгілі бір жұмыс функцияларына сәйкес келетін көптеген элементтер кіреді.

А. И. Щербаков аталған функцияларға қосымша педагогикалық қызметтің ақпараттық, дамытушылық, бағдарлы, жұмылдырушылық және гностикалық функцияларын атайды. К. И. Саломатов гностикалық, жобалаушы, конструктивті-жоспарлаушы, ұйымдастырушылық және коммуникативтік функцияларды бөледі. [10] Осы тұрғыда, бөлінген компоненттердің санына қарамастан зерттеушілер бір-бірімен тығыз байланысты және педагогтың кәсіби қызметінің негізін құрайды. Студенттерді дербес педагогикалық қызметке дайындау олардың осы қызметтің барлық компоненттерін меңгеруін, болашақ әлеуметтік-педагогтардың осы компоненттерге сәйкес іскерліктерін қалыптастыруды көздеуі қажет деп түсінеміз. Бұл функция педагогтың гностикалық қызметін жүзеге асыруын көздейді, бұл өз кезегінде субъектіде қызметтің осы түріне сәйкес іскерліктерінің болуын талап етеді. Бұл іскерліктің мәнін анықтау «гностикалық іс-әрекет» ұғымын талдау негізінде мүмкін болады. Педагогикалық қызмет құрылымындағы гностикалық іскерлік оқытудың соңғы мақсаттарын нақтылауға және оқу үдерісі құрылымының негізгі компоненттерінің жағдайын талдау және зерделеумен байланысты.

Біз педагогикалық-психологиялық әдебиеттерге талдау жасаудың нәтижесінде, жоғарыда көрсетілген анықтамаларға сәйкес *гностикалық іскерліктің пәні* болашақ әлеуметтік-педагогтың жалпы білім беру жүйесінің элементі ретінде дербес өзін-өзі дамытатын: оқыту мақсаттарының, оқу пәнінің мазмұнының, үдерістің, оқыту әдістері мен құралдарының жүйесі ретінде қарастырылады. Гностикалық қызметтің өнімі қалыптасқан және тұжырымдалған педагогикалық міндетті нәтижелі шешу.

Болашақ әлеуметтік-педагогтың гностикалық іскерлігінің негізгі бағыттары:

- оқу материалын, оқулықтарды, ақпараттарды, құралдарды және бағдарламаларды талдау;

- материалды меңгеру бойынша оқу қызметін қадағалау, оны талдау және бағалау, пән бойынша оқу және оқу деңгейін анықтау, оқу жұмысының тәсілдерін меңгеру, пәнге деген қарым-қатынасының сипаты мен қызығушылығының болуын анықтау;

- оқу қызметін ұйымдастыру бойынша сабақта өзінің мінез-құлқын және қызметін, сондай-ақ басқа педагогтардың олардың жұмысының оң тәжірибесін зерделеу және алу мақсатында олардың қызметін қадағалау және тиісті талдау.

Бұл көзқарас тұрғысынан, болашақ әлеуметтік-педагогтың негізгі гностикалық іскерлігінің сфералық деңгейін анықтау, білім алушылар тобының психологиялық аясының сипаттамасы, оқу-жаттығудың деңгейі және т. б. салаларды қамтитын іс-әрекет ретінде қарастырылады, яғни бұл оқу үдерісін ұйымдастырушы педагогтың диагностикалық іс-әрекеті.

Гностикалық іскерлікті табысты жүзеге асыру оқытудың соңғы мақсаттарын нақты ұғынуға, оқу пәні мазмұнының ерекшелігі мен құрылымын, принциптерін білуге және олардың маңызды белгілері мен қасиеттерін игеру объектісі ретінде бөлуге, сондай-ақ медиалық ақпараттарда ұсынылған оқу материалын меңгерудің мүмкіндіктерін білуге және т.б. сүйенеді. Гностикалық іскерлік белгіленген жоспарға қажетті түзетулер енгізу мақсатында шешілетін әдістемелік міндеттер құрылымының негізгі компоненттерінің өзгеру сипатын және алынған нәтижені сыни бағалауды бақылаумен байланысты.

Болашақ әлеуметтік-педагогтың гностикалық іскерлігін жетілдіру негізінен танымдық және практикалық қызметін жобалау, соның ішінде олардың алдына проблема қою, іздеу міндеттерін қою білімдерімен байланысты. Гностикалық іскерлігін жетілдіру мәселесі жоғары оқу орнындағы барлық оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен құралдарын таңдау, осы үдерістердің негізгі принциптерін жүзеге асыру жолдары және сайып келгенде, еліміздің оқу орындарында жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету басты мәселе болып табылады. Бұл міндет тек білімді игеруге байланысты ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін алған ақпаратты дамытуға бағытталған белгілі бір іс-әрекеттерді орындауда бірнеше рет және жүйелі қайталауды талап ететін үдеріс. Іскерлікті қалыптастыру әрқашан интеллектуалдық, мотивациялық, ерік және эмоциялық салаларын қамтиды, еңбек қызметінің жеке қасиеттерін тәрбиелеуге дұрыс ықпал етеді. Ақпаратты түсіну, жүйелеу, көшіру іскерлігінде студенттің осы нақты гностикалық іс-әрекетке қатысты жүйелі жұмыс жүргізу іс-әрекеті бойынша мүмкін болады.

Гностикалық іскерлік интегралдық сипатқа байланысты қызметтің кез келген түрін жүзеге асыру үшін қажет және ақпаратты (вербалды және көру), талдау, синтездеу, жіктеу және байланысын анықтау. Бұл ретте мыналар маңызды:

- студенттердің интегралды болып табылатын гностикалық іскерліктерді жетілдірудің кәсіби және тұлғалық маңыздылығын түсіну; - алынатын педагогикалық ақпаратты түсіну, жүйелеу және трансформациялау, ақпараттық құрылымдарды ірілендіру, ақпараттың жаңа моделін құру бойынша алдағы гностикалық іскерлік мақсаттары мен міндеттерін қою;

- ақпаратты түсіну, жүйелеу, тасымалдау іскерліктерінің мәнін ашу, осы іс-әрекеттерді орындау тәсілдері мен іскерліктерді құрайтын жиынтығы мазмұны;

- гностикалық іскерліктерді қалыптастыру бағдарламасын әзірлеу;

- гностикалық білімдерді меңгеру бойынша практикалық қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру;

- гностикалық іскерлікті жетілдіру деңгейін бағалау және бақылау;

- студенттердің гностикалық іскерліктерінің нәтижелерін бағалау.

Гностикалық іскерлікті меңгерудің тиімділігі теориялық білімді терең меңгеруге және оларға негізделген практикалық іс-әрекет тәсілдерін ұғынумен байланысты. Жалпы алғанда, гностикалық іскерлікті жетілдірудің келесі кезеңдерін атап көрсете аламыз: теориялық және практикалық. Болашақ маманды теориялық даярлау жүзеге асырылады, іскерліктері қалыптасады. Теориялық кезеңде:

- студенттерді гностикалық іскерліктің мәні мен мазмұнымен таныстыру, олар алған педагогикалық ақпаратты өзгерту, жүйелеу іскерлігін білдіреді;

-іс-әрекеттің кез келген түрін жүзеге асыру үшін және педагогикалық қызметті жүргізудің барлық кезеңдерінде қажетті гностикалық іскерлікті бағалау;

-ақпаратты сезіну дағдыларын қалыптастыру (сенсорлық сигналдарды қабылдау).

Қорытындылай келе, жоғарыда аталған мәліметтер біздің ойымызша, болашақ әлеуметтік-педагог кадрларды даярлау сапасымен байланысты. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде атап өтілгендей, медиабілім беру үдерісінде гностикалық іскерлікті жетілдіру болашақ әлеуметтік-педагогтың қызметінде маңызды рөл атқарады. Медиабілім үдерісін пайдаланудың объективті және субъективті негізі бар. Қазіргі уақытта медиа ақпарат құралдарын пайдалану белгілі бір құзіреттіліктерді талап етеді. Медиабілім үдерісін пайдалану, гностикалық іскерліктерді жетілдіру, ғылыми-практикалық ұсынымдарды жете бағаламаумен немесе білмеумен байланысты болу маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, Астана, Ақорда, 2012 жыл.
2. Мудрик А.В. Социальная педагогика: Учеб. для студ. пед. вузов / Под ред. В.А.Сластенина. -5- еизд., доп.-М.:Издательский центр «Академия», 2005.-200с.
3. Безрукова В.С. Основы духовной культуры // Энциклопедический словарь педагога. – 2000.
4. Бондаренко С.А. Формирование профессиональной готовности конкурентоспособного специалиста // Модернизация высшей школы: обеспечение качества профессионального образования: Мат-лы Всерос. науч.-практ. конф. –Барнаул: Изд-во ААЭП, 2004. –Ч. 1. –188 с.
5. Щедровицкий Г.П. Педагогика и логика:Сборник / Авторы: Георгий Щедровицкий, Вадим Розин, Никита Алексеев, Нелли Непомнящая. -КАСТАЛЬ, Москва, 1993. -416с.
6. Русаков Ю.Т. Развивающая образовательная среда колледжа как фактор формирования готовности студентов к профессиональной деятельности: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.08. –Магнитогорск: Магнитог. гос. ун-т., 2006. –23 с.
7. Федоров А.В. Медиаобразование: История, теория и методика. – Ростов-на-Дону: Изд-во ЦВВР, 2001. – 130с
8. Сейітқазы П.Б. Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың ғылыми-теориялық негіздері: п.ғ.д. дис. авторефераты. Астана, 2009 ж.
9. Овсянников Евгений Юрьевич. Формирование гностических умений у студентов в условиях компьютеризации дидактического процесса : Дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01: Глазов, 2001 179 с.
10. Ирина Александровна Формирование гностических умений студентов педагогического вуза в условиях моделирования учебного текста автореф. канд. пед. наук: Иркутск-2006.